

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТЕ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТИ**

**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және  
криминалистика кафедрасы**

**«6B04205 – Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша  
UP2205 Қылмыстық құқық (жалпы бөлім) пәнінен  
ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ**

**АЛМАТЫ, 2022**

**«6B04205 – Құқықтану»** білім беру бағдарламасы бойынша UP2205 «Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім)» пәнінен емтихан бағдарламасы Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының доценті Ш.Б. Маликовамен әзірленді.

Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және  
криминалистика кафедрасының мәжілісінде қарастырылған  
№ 1 хаттама «31» 08. 2022 ж.

Кафедра менгерушісі  
з.ғ.д., профессор

\_\_\_\_\_ Р.Е. Джансараева

## **Kіріспе**

«6B04205 – Құқықтану» мамандығы бойынша бакалавриаттың білім алу бағдарламасын оқыту Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты мен академиялық саясатқа сәйкес пәнді оқып игеру қорытынды бақылау - емтихан тапсырумен аяқталады. Емтиханға (қорытынды бақылауға) төлем бойынша берешегі жоқ, бакалавриатқа арналған оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтап, тиісінше балл жинаған студенттер ғана жіберіледі. Қорытынды емтихан (қорытынды бақылау) академиялық күнтізбе мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес, көрсетілген мерзімдерде жүргізіледі.

Оқу бағдарламасы мен оқу жұмыс жоспарына сәйкес пән бойынша оқу процесін аяқтап, тиісінше балл жинай алмаған студенттер қанағаттанарлықсыз бағасын оң бағаға қайта тапсыру үшін студент келесі академиялық кезеңдерінің бірінде немесе жазғы семестрде сол пән бойынша оқу жұмыс жоспарында қарастырылған барлық сабак түрлеріне қайта қатысып, рұқсат алады және қорытынды бақылау тапсырады.

Егер студент оқу бағдарламасын толық көлемде орынданай отырып, емтиханға уақытылы қатыспаса, емтихан ведомосындағы оның фамилиясының тұсина «келген жоқ» деген жазу жазылады. Студенттің дәлелді себептері болған жағдайда факультет деканының өкімімен оған емтихан тапсырудың жеке кестесі бекітіледі. Емтиханға келмеуінің дәлелді себептері болмаған жағдайда «қанағаттанарлықсыз» деген бағаға теңестіріледі.

«FX» белгісіне сәйкес «қанағаттанарлықсыз» баға алған жағдайда студентке емтиханды қайта тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Қорытынды бақылаудың бағасымен келіспейтін студентке (докторант, магистрант) емтихан өткізілген күннен кейінгі күннен кешіктірмей апелляция беру мүмкіндігі қарастырылған.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны осы аралық аттестаттау кезеңінде жоғарылату мақсатында қайта тапсыруға рұқсат етілмейді

Емтихан сұрақтары тиісті тексерістен өткеннен кейін бекітіледі.

### **Емтихан тапсыру бойынша нұсқаулық**

1. Пән бойынша қорытынды емтихан Univer жүйесінде ситуациялық тест нысанында жүргізіледі. Тест тапсыру барысы автоматты прокторинг жүйесімен, егер прокторинг болмаса проктор немесе оқытушының қадағалауымен қатал бақыланады. Емтихан тапсырушының жеке компьютеріне мынадай талаптар қойылады:

1.1.Стационарлық компьютер немесе ноутбуктың болуы (планшет, смартфон);

1.2.Жұмыс жасайтын әрі қосулы веб-камера керек (ноутбуктегі өзінің орнатылған камерасы да болады, смартфондардың камерасы алдыңғы жағында қосулы болу керек);

1.3.Емтихан кезінде интернетке үзіліссіз қосылу қажет;

1.4.Емтихан тапсырудың барлық уақыты жазылады, бұл ретте студенттің беті, үстелі және кеңістігі көрінуі тиіс.

1.5.Емтихан кезінде сайтты жабуға тыйым салынады.

2. Емтихан міндетті түрде алдын ала бекітілген кестеге сәйкес жүргізіледі.
3. Студент қорытынды бақылаудың алдында арнайы нұсқамадан өтеді және бағалау критерийлерімен танысуы тиіс.
4. Прокторинг талабы бойынша студент емтихан басталғанға дейін 30 минут бұрын кестедегі сілтеме бойынша бейнеконференцияға қосылуы тиіс.
5. Ситуациялық тест көптік таңдау түрінде бір немесе екі дұрыс жауабымен болады.
6. Univer АЖ 15 ситуациялық тапсырма/75 тесттен келеді және тасыруға 1ғана мүмкіндік беріледі. Тест тапсырудың жалпы уақыты – 90 минут. Тест тапсырмаларының қыындық деңгейі бойынша бөлінуі:
  - женіл - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
  - орта - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
  - қыын - 5 ситуациялық тапсырма / 25 тест
 Әр тапсырмаға бір немесе екі дұрыс жауабы бар 5 тест. (Әр 5 жауаптан тұратын тесттің бір немесе екі дұрыс жауабы бар)
- Емтиханда бір нұсқада 1 студентке базалық – 5 ситуациялық тапсырма/25 тест құрастырылады.
7. Univer АЖ тест сұрақтары автоматты түрде құрастырылады (генерацияланады).
8. Ситуациялық тест жауаптары дұрыс жауаптың кілттері арқылы автоматты түрде тексеріледі.
9. Емтихан тапсыру уақыты аяқталғаннан кейін қорытынды бақылау нәтижелері студенттің және оқытушының жеке кабинетіне автоматты турде түседі.
10. Ситуациялық тест қорытындысы прокторинг нәтижесінде қайта қаралуы мүмкін. Студент емтихан тапсыру тәртібін бұзған жағдайда ситуациялық тапсырма нәтижесінде алған бағасы жойылуға жатады.

### **Бағалау саясаты**

Критериалды бағалау: дескрипторларға сәйкес оқыту нәтижелерін бағалау, аралық бақылау мен емтихандарда құзыреттіліктің қалыптасуын тексеру.

Жыныстық бағалау: аудиториядағы (вебинардағы) жұмыстың белсенділігін бағалау, орындалған тапсырманы бағалау.

Пән бойынша қорытынды баға келесі формула бойынша есептеледі:

Мұнда АБ – аралық бақылау; МТ – аралық

3

емтихан, ҚБ – қорытынды бақылау (емтихан).

Әріптік жүйе бойынша баға	Сандық эквивалент	Баллдардың (%-дық көрсеткіші)	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	6,67	90-94	
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	Жақсы

B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

### **Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім) - 5 кредит Емтихан сұрақтары қамтылатын тақырыптар:**

**1 Тақырып. Қылмыстық құқық түсінігі, міндеттері, жүйесі және принциптері** Қылмыстық құқық қазақстандық құқықтың дербес саласы ретінде. Қылмыстық құқық пәні және әдісі. Қылмыстық құқықтың іргелес құқық салаларынан реттеу пәні мен әдісі бойынша айырмашылығы. Қылмыстық құқықтың қорғаушылық және алдын алушылық функциясы. Қылмыстық құқықтың азаматтардың заңды мінез-құлқын қалыптастырудығы рөлі. Қылмыстық құқық жүйесі: Жалпы және Ерекше бөліктері. Қылмыстық құқықтың салалық принциптері: Қылмыстық құқық ғылыми.

**2 Тақырып. Қылмыстық заң** Жоғары заң күшіне ие, қылмыстық жазаланушы әрекеттердің шеңберін анықтайтын кодификацияланған нормативтік құқықтық акт ретіндегі қылмыстық заң түсінігі. Қазақстан Республикасының қолданыстағы қылмыстық заңы. Қылмыстық заң құрылымы. Қылмыстық құқықтық норма құрылымы. Қылмыстық құқықтық норма диспозициясы мен санкциясының түрлері. Қылмыстық заңының кеңістіктегі күші. Қылмыстық заңының кеңістіктегі күшінің принциптері: аумақтылық, азаматтылық, нақты, әмбебап. Қылмыстық заңының уақыттағы күші. Кері күші бар қылмыстық заңдар. Қылмыстық заңды талқылау, талқылау түрлері.

### **3 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтар**

Қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтарды қылмыстарға және қылмыстық теріс қылықтарға ажырату негізіне алынған жіктер. Қылмыс түсінігі және белгілері. Қылмыс санаттары. Әртүрлі негіздер бойынша қылмыстарды жіктеу. Қылмыстық теріс қылық түсінігі және белгілері. Қылмыстық заңда «қылмыстық теріс қылық» категориясын ажыратудың тәжірибелік маңызы. Болмашы әрекет. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың өзге құқық бұзушылықтар мен қоғамға қарсы ісқимылдардан айырмашылығы.

### **4 Тақырып. Қылмыстық жауаптылық және оның негізі**

Құқықтық жауаптылықтың дербес түрі ретіндегі қылмыстық жауаптылық түсінігі. Қылмыстық жауаптылық мәні және оның түрлері (позитивті және

ретроспективті). Қылмыстық жауаптылықтың заңда бекітілген негізі. Қылмыстық жауаптылық негізі (негіздері) туралы сұрақтың теориялық қырлары. Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түсінігі. «Қылмыстық құқық бұзушылық» және «қылмыстық құқық бұзушылық құрамы» ұғымдарының арақатынасы. Қылмыстық жауаптылықтың бірден-бір негізі ретіндегі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының элементтері және белгілері. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының түрлері. Қылмыстық құқық бұзушылықты саралау түсінігі. Қылмыстық заңды дұрыс қолдану үшін қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілерін дәл анықтаудың маңызы.

## **5 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі**

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық объектісінің түсінігі. Қылмыстық заң қылмыстық құқықтық қорғау объекттері және олардың иерархиясы туралы. Қылмыстық құқық бұзушылық объекттерінің түрлері (тігінен жіктеу): жалпы, тектік, тікелей. Қылмыстық құқық бұзушылық объекттерінің жіктемесінің Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімін жүйелендіру үшін маңызы. Көпобъектілі қылмыстық құқық бұзушылықтардағы тікелей объекттердің түрлері (көлденең інен жіктеу): негізгі, қосымша, факультативті. Қылмыстық құқық бұзушылық заты және оның саралаудағы маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық объектісі мен затының арақатынасы. Жәберленешінің жеке басы және оның саралаудағы маңызы.

## **6 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағы**

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объективтік жағының түсінігі және маңызы. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер. Объективтік жақ белгілерін міндетті және факультативті белгілерге бөлу. Қоғамға қауіпті іс-эрекет. Эрекет және әрекетсіздік қоғамға қауіпті іс-әрекеттің нысандары ретінде. Қылмыстық құқық бұзушылық зардабының түсінігі және түрлері. Материалды, формалды және келте құрамдас қылмыстық құқық бұзушылықтар. Қоғамға қауіпті әрекетпен қоғамға қауіпті зардал арасындағы себептік байланыс. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау тәсілі, орны, уақыты, жағдайы, қаруы мен құралы қылмыстық құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын сипаттайтын белгілер ретінде.

## **7 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі**

Қылмыстық құқық бойынша қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің түсінігі және маңызы. Қылмыстық жауаптылық жасына жету қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Жауаптылық 14 жастан бастап белгіленетін қылмыстық құқық бұзушылықтар. Есі дұрыстық қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің міндетті белгісі ретінде. Шектеулі есі дұрыстық және жасы бойынша шектеулі есі дұрыстық, олардың қылмыстық жауаптылыққа ықпалы. Есі дұрыс еместік түсінігі. Есі дұрыс еместіктің құқықтық және медициналық жіктері. Қоғамға қауіпті әрекетті

жасаған адамды есі дұрыс емес деп танудың құқықтық салдары. Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнайы субъектісі түсінігі және түрлері. Қазақстанда занды тұлғалардың қылмыстық жауаптылығын енгізу перспективалары.

**8 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы**  
Қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының түсінігі және маңызы. Кінә қылмыстық құқық бұзушылықтың субъективтік жағының міндettі белгісі ретінде. Кінә мазмұнындағы интеллектуалды және ерікті компоненттердің арақатынасы кінә нысандарын ажырату жіктері ретінде. Қасақаналық және оның түрлері. Абайсыздық және оның түрлері. Объективті айып тағуға жол берілмеушілік. Қылмыстық құқықтағы қателесу түсінігі және түрлері. Фактілі қателесудің кінә мен қылмыстық жауаптылыққа әсері.

**9-10 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі**  
Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің күрделі дара— жалғаспалы, созылмалы, құрамдас, баламалы әрекетті, баламалы салдарлы, кінәнің екі нысанмен жасалатын қылмыстық құқық бұзушылықтардан айырмашылығы. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің тек занды бекітілген нысандарының ғана болатындығы. Қылмыстардың немесе қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы. Бірнеше реттіліктің саралауға және жазаға әсері. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығының түсінігі, белгілері және түрлері. Жиынтықтың саралауға және жазаға әсері. Қылмыстардың қайталануының түсінігі, белгілері және түрлері. Қайталанудың жазаға әсері.

**11 Тақырып. Қылмыстық құқық бұзушылық жасау сатылары** Қасақана қылмыс сатыларының түсінігі және түрлері. Қасақаналықтың айқындалууының жазаланбаушылығы. Дайындалу және оқталу аяқталмаған қылмыс түрлері ретінде. Қылмысқа дайындалу түсінігі және белгілері. Дайындалудың қасақаналықтың айқындалуынан айырмашылығы. Қылмысқа дайындалудың жазаланушылығының шектері. Қылмысқа оқталу түсінігі және белгілері. Қылмысқа оқталудың дайындалудан және аяқталған қылмыстан айырмашылығы. Қылмысқа оқталу түрлері. Аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық түсінігі. Қылмыстық құқық бұзушылық құрамының конструкциясы және оның аяқталу мезеті. Қылмыстық құқық бұзушылықтан өз еркімен бас тарту түсінігі, белгілері және құқықтық салдары. Өз еркімен бас тартудың шынайы өкінуден айырмашылығы.

**12 Тақырып. Шартты түрде соттау** Шартты түрде соттаудың бас бостандығынан айыруға балама қылмыстық құқықтық ықпал ету шарасы ретіндегі түсінігі және құқықтық табигаты. Сотталған адамның бас бостандығынан айыру жазасын өтемей түзелуі мүмкін деген түйінге келуі шартты түрде соттауды қолданудың негізі ретінде. Шартты түрде соттауды қолдану шарттары. Шартты түрде соттауды қолдануға шектеулер. Шартты түрде соттаудағы пробациялық бақылау. Пробациялық бақылау мерзімінің ұзақтығы. Пробациялық бақылау мерзімін қысқарту және ұзарту. Шартты түрде соттаудың күшін жою. Пробациялық бақылау мерзімін қысқартуда шартты түрде соттаудың күшін жою. Шартты түрде соттаудың күшін жоюдың

теріс негіздері. Теріс негіздер бойынша шартты түрде соттаудың күшін жоюдың құқықтық салдары.

**13 Тақырып. Қылмыстық жауаптылықтан босату** Қылмыстық жауаптылықтан босату түсінігі, қылмыстық жауаптылықтан босатудың қылмыстық құқықтың іргелес институттарынан айырмашылығы. Қылмыстық жауаптылықтан босату институтының маңызы. Қылмыстық жауаптылықтан босату түрлері: жалпы және арнайы. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың жалпы түрлері: шынайы өкінуіне байланысты; қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде; процестік келісімнің талаптары орындалған кезде; татуласуға байланысты; кепілгерлік белгіленуіне байланысты; жағдайдың өзгеруіне байланысты; ескіру мерзімінің өтуіне байланысты; рақымшылық актің негізінде. Қылмыстық жауаптылықтан босатудың Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігінің баптарында көзделген арнайы түрлері.

**14-15 Тақырып. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы** Он сегіз жасқа дейін қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың қылмыстық жауаптылығының жалпы сұрақтары. Кәмелетке толмағандарға тағайындалатын жазалар. Кәмелетке толмағандарға қолданылатын тәрбиелік ықпалы бар мәжбүрлеу шаралары, олардың қылмыстық жазадан айырмашылығы. Он сегіз жасқа дейін қылмыстық жазаланушы әрекет жасаған адамдарды қылмыстық жауаптылық пен жазадан босатудың ерекшеліктері. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығының өзге де ерекшеліктері. Қазақстандағы қылмыстық жауаптылық пен жазадан босату шарттарын кеңейту арқылы кәмелетке толмағандарды қылмыстық қудалау аясын біртіндеп тарылтуға бағыт.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:**

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім).-Алматы: Жеті Жарғы, 2017 ж.
2. Абдиқанов Н.А. Балтабаев К.Ж. Уголовное право РК .Учебник для ВУЗов. общ.часть., Астана, 2015
3. Борчашвили И.Ш. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть (Том 1) - Алматы: Жеті жарғы, 2015. - 500 с.
4. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсініктеме. - Алматы: «Жеті Жарғы», 2016. - 752 с.
5. Нұрмашев Ү.Ә Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім).-Алматы: Жеті Жарғы, 2016 ж.